Рудный индустриялық университеті

КЕЛІСІЛДІ
ЖК «Ахмедов К.М.»
_____К.М. Ахмедов

БЕКІТІЛДІ
АМ жөніндегі проректор
_____ Л.Л. Божко

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

ББ «Мода индустриясы бұйымдарының технологиясы және жобалануы»

Рудный, 2026 ж.

1-модуль – Конструкциялау және модельдеу (MS KM)

ОМКО 2210 Киім үлгілеу мен конструкциялаудың негіздері – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерді киім бөлшектерінің лекалдарын құрудың өндірістік және перспективалы әдістерін тәжірибеде қолдануға үйрету; жаңа киім үлгілерін жасау кезінде жобалау жұмыстарын орындау, жобаланатын бұйымдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету, олардың ассортиментін жаңарту және кеңейту міндеттерін шығармашылықпен әрі техникалық тұрғыдан негізделген түрде шешу.

Курстың қысқаша сипаттамасы: студенттердің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім, білік және дағды алуын қамтамасыз ету, сондай-ақ студенттерді өндірістің конструкторлық дайындығын орындауға үйрету: үлгілер коллекциясын барлық қызметтермен келісу және іріктеу, лекал жиынтықтарын әзірлеу және оларды градациялау. Объектілерді үлгілеу үшін JULIVI САПР-мен жұмыс істеудің қажетті практикалық дағдылары мен білімін алу.

Пәннің пререквизиттері – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Арнайы сурет, Математика.

Пәннің постреквизиттері – САПР элементтері бар киім конструкциялау, Конструкторлық және технологиялық дайындықтың негіздері, Киімді конструктивті модельдеу.

ОМІКіМ 2210 Тері мен аң терісін асалған бұйымдарды үлгілеу мен конструкциялаудың негіздері – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерге тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды конструктивті және көркемдік үлгілеудің ерекшеліктері туралы білім беру, табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін ескеруге үйрету, заманауи дизайн мен өңдеу технологияларын ескере отырып, әртүрлі ассортименттегі бұйымдарды жобалау білігін қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: пән тері мен аң терісінен жасалған бұйымдардың конструкцияларын құру принциптерін меңгеруді, әртүрлі иілгіштік пен қалыңдықтағы материалдарды кесу және біріктіру ерекшеліктерін зерделеуді қамтамасыз етеді. Сыртқы киім, аксессуарлар және шағын тері-галантерея бұйымдарының үлгілерін жасауға арналған жобалау тапсырмаларын әзірлеуді қамтиды. Өндірістің конструкторлық дайындығы әдістерін меңгеру және бұйымдарды үлгілеу мен визуализациялау үшін компьютерлік технологияларды қолдану көзделген.

Пәннің пререквизиттері – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Арнайы сурет, Математика.

Пәннің постреквизиттері – Технологиялық процестерді үлгілеу және оңтайландыру, Тері-аң терісі өндірісінің заманауи технологиялары, Тігін кәсіпорындарының технологиялық процестерін жобалау.

***2-модуль* – Кәсіпкерлік (MS P)**

PiUP 2401 Жобаларды жоспарлау және басқару – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – бизнес-жоба және стартап ұғымдарын меңгеру; кәсіпкердің құқықтары мен міндеттері; кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың, жоспарлаудың және экономикалық негіздеудің практикалық негіздері. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың, жоспарлаудың және экономикалық негіздеудің теориялық негіздерін, инновацияларды басқаруды, инновациялық кәсіпкерліктің мазмұнын білу, жаңа технологиялар мен инновацияларға инвестиция тарту тәсілдері мен нысандарын негіздеу үшін инновацияларды іске асыру. Микро- және макродеңгейде инновацияларды, жаңалықтарды басқарудың функциялары мен әдістері туралы теориялық және практикалық тәжірибе мен ғылыми білімдер туралы түсінікке ие болу.

Пәннің пререквизиттері – Математика, Физика, Қазақстан тарихы, Әлеуметтану, Саясаттану, Экономика, кәсіпкерліктегі құқық және қаржы, Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Тұрақты даму, Өндірісті экономика және ұйымдастыру. Алынған білім, білік және дағдыларды студенттер дипломдық жобалау кезінде пайдалана алады.

OiVMB 2401 Шағын бизнесті ұйымдастыру және жүргізу – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – жобалардың қандай түрлері болатыны, олардың қандай белгілері бойынша ажыратылатыны және оларды қалай басқару керектігі туралы ұғымдарды меңгеру; кәсіпкерлік қызметтің теориялық негіздері; бизнес-жобаларды іске асыру кезіндегі қиындықтар мен кедергілерді болжай білу, фирманың макро- және микроортасы туралы ақпаратты өңдеу және талдау. Жобаларды басқару кезінде кездесетін практикалық міндеттерді (жобаның қаржылық тартымдылығын бағалау, жоба қатысушыларына қызметтік нұсқаулықтар жасау, бизнес-жобаны іске асыру жоспарын құру және т.б.) практикалық мысалдар негізінде шеше білу.

Пәннің пререквизиттері – Математика, Физика, Қазақстан тарихы, Әлеуметтану, Саясаттану, Экономика, кәсіпкерліктегі құқық және қаржы, Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Тұрақты даму, Өндірісті экономика және ұйымдастыру. Алынған білім, білік және дағдыларды студенттер дипломдық жобалау кезінде пайдалана алады.

3-модуль – **Жабдық, технологиялар (MS OT)**

MOTП 3101 Технологиялық процестерді үлгілеу және оңтайландыру – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – Осы пәннің негізгі мақсаты студенттерді тек типтік процестерді жобалауға ғана емес, сонымен қатар жаңа жабдық пен жаңа технологияларды пайдалана отырып, негізгі технологиялық процестерді үлгілеуге үйрету болып табылады. Курстың негізгі міндеттері – мамандардың еңбек өнімділігі мен өндірістің технологиялық дайындығының сапасын қамтамасыз ететін есептеу техникасын пайдалана отырып, тігін өндірісіндегі негізгі технологиялық процестерді үлгілеудің принциптері мен әдістерін баяндау

Пәннің мазмұны: Технологиялық процестерді жобалау әдістері. ТПШИ графтарын құру әдістемесі, жалпыланған ТПШИ графының құрылымы, тігін бұйымдарының лекал контурларын математикалық сипаттау әдістері, аппроксимациялау және интерполяциялау әдістері, екінші ретті қисықтармен берілген контурларды есептеудің графоаналитикалық әдісі. ТПИШИ жобалау есебінің математикалық қойылымы. Технологиялық процестерді оңтайландыру әдістері.

Пәннің пререквизиттері – Метрология, стандарттау және сертификаттау (үнемшіл өндіріс), Тігін өнеркәсібі бұйымдары технологиясының негіздері, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы.

Пәннің постреквизиттері – Тігін кәсіпорындарының технологиялық процестерін жобалау, Жеңіл өнеркәсіпте технологиялық процестерді жобалаудың жаңа технологиялары, Киімді конструктивті модельдеу, Дипломдық жобалау.

KhTP 3101 Технологиялық процестерді химияландыру – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тоқыма материалдары мен тігін бұйымдарына әртүрлі қасиеттер берудің химиялық тәсілдері, тоқыма материалдарын желімдеу престерінің мәні, желімдеуші материалдардың түрлері мен қасиеттері, көркем әрлеу түрлері, химиялық технологиядағы сапаны бақылау әдістері туралы білім көлемін қалыптастыру; химиялық мәнін, бояуға және басып шығаруға дайындауды, тоқыма материалдарының химиялық технологиясын дамытудың негізгі тенденцияларын, оның шығарылатын бұйымдардың сапасын қамтамасыз етудегі рөлін меңгеру; биотехнологияларды, аз қалдықты, энергия үнемдейтін, экологиялық таза технологияларды әзірлеу негіздерін меңгеру.

Пәннің мазмұны: желімдеуші материалдардың ассортименті, көмекші химиялық өнімдер, киім бөлшектерінің желімдік қосылыстарының қасиеттері, ылғалды-жылулық операциялар, әртүрлі көркем әрлеулер туралы бытыраңқы мәліметтерді теориялық және практикалық меңгеру мәселелерін қамтиды. Киімді дайындау және жөндеу кезінде желімдерді қолданудың барлық аспектілері, олардың түрлері, қолданылатын терможелімді астар

материалдары, желімдеу сапасын бақылау құралдары мен әдістері бойынша мәліметтер баяндалған. Пәнді өз бетінше меңгеру үшін желімдеу процестерін жобалауға әсер ететін факторлар қарастырылған.

Пәннің постреквизиттері - Химия, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Метрология, стандарттау және сертификаттау (үнемшіл өндіріс).

Пәннің постреквизиттері – Тігін кәсіпорындарының технологиялық процестерін жобалау, Коллекциялық бұйымдарды жобалау, Еңбекті қорғау.

4-модуль - Технологиялық жабдық (MS TO)

TOO 3103 Сала технологиялық жабдығы – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – жеңіл өнеркәсіптің әртүрлі жабдықтарын есептеу мен таңдау бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды алуды қамтамасыз ету: машиналарды баптай білу; жабдықты жөндеу мен баптауды орындау; жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының электр жабдығын білу.

Пәннің мазмұны: мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім, білік және дағды алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ студенттердің жаңа буын жабдығын жасаудың перспективалы бағыттары мәселелері бойынша теориялық және практикалық дағдыларды меңгеруі. Негізгі назар өндіріске енгізілетін киім дайындауға арналған инновациялық жабдықты меңгеруге, тігін бұйымдарын құрастырудың технологиялық процестерін кешенді механикаландыруды жетілдіруге, нақты бұйым түрін дайындау үшін жаңа буын жабдығын таңдай білуге аударылады

Пәннің пререквизиттері - Химия, Физика, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Метрология, стандарттау және сертификаттау (Үнемшіл өндіріс), Жеңіл өнеркәсіп бұйымдары технологиясының негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Жеңіл өнеркәсіптегі инвариантты технологиялар, Жеңіл өнеркәсіпте технологиялық процестерді жобалаудың жаңа технологиялары, Дайындық-пішу өндірісін жобалау.

ТОКМР 3103 Тері-аң терісі өндірісінің технологиялық жабдығы – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тері-аң терісі өнеркәсібінде қолданылатын технологиялық жабдықтың жұмыс істеу принциптері, құрылысы және мақсаты туралы білім қалыптастыру; орындалатын операцияларға байланысты жабдықты таңдай және пайдалана білуге үйрету; жабдықты пайдалану, техникалық қызмет көрсету және оның жұмыс тиімділігін бағалау дағдыларын меңгеру.

Пәннің мазмұны – тері-аң терісі өндірісіне арналған технологиялық жабдықтың жіктелуін, шикізатты алғашқы өңдеу, илеу, бояу, әрлеу және тері мен аң терісін механикалық өңдеу кезеңдерінде қолданылатын машиналар

мен агрегаттардың конструктивтік ерекшеліктерін зерделеуді қамтиды. Дайындау, пішу және пішін қалыптастыру процестері, тегістеу, бедерлеу, престеу, кептіру және әрлеуші жабындарды түсіру машиналарының түрлері қарастырылады. Заманауи автоматтандырылған желілер мен кешендер, технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру құралдары туралы мәліметтер баяндалады. Энергия тиімділігі, жабдықты пайдалану қауіпсіздігі, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету мен жөндеу әдістері мәселелері қамтылады.

Пәннің пререквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Тігін өнеркәсібі бұйымдары технологиясының негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды пішу технологиясы, Сала өндірістік процестерін автоматтандыру, Жеңіл өнеркәсіптегі инвариантты технологиялар.

5-модуль – Материалтану (MS Mat)

МО 3104 Киімге арналған материалдар – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде киім өндірісінде қолданылатын материалдардың түрлері, қасиеттері мен мақсаты туралы білім қалыптастыру; олардың сипаттамаларын анықтауға, бұйымның мақсатына, пайдалану жағдайларына және сапаға, экологиялылыққа және дизайнға қойылатын заманауи талаптарға сай материалдарды дұрыс таңдай білуге үйрету.

Пәннің мазмұны – киім дайындауға қолданылатын тоқыма және тоқымасыз материалдардың ассортиментін, олардың талшық құрамы, құрылымы және мақсаты бойынша жіктелуін зерделеуді қамтиды. Материалдардың негізгі қасиеттері: физика-механикалық, гигиеналық, эстетикалық және пайдалану қасиеттері қарастырылады. Маталарға, трикотажға, тоқымасыз кенептерге, табиғи және жасанды теріге, аңтеріге, үлдірлі және мембраналық материалдарға, астарлық және жылытқыш қабаттарға ерекше назар аударылады. Материалдардың сапасы мен стандарттарға сәйкестігін анықтау әдістері, сондай-ақ жақсартылған функционалдық сипаттамалары бар заманауи инновациялық материалдар зерделенеді. Сәнді үрдістерді, киюдің жағдайлары мен технологиялық үйлесімділікті ескере отырып, әртүрлі киім түрлеріне арналған материалдарды тиімді таңдау мәселелері қарастырылады.

Пәннің пререквизиттері – Химия, Физика, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Метрология, стандарттау және сертификаттау (Үнемшіл өндіріс).

Пәннің постреквизиттері – САПР элементтері бар киім конструкциялау, Тігін бұйымдарының технологиясы, Киімді дизайн және көркемдік жобалау.

MdIKiM 3104 Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарға арналған материалдар – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тері мен аң терісінен жасалатын бұйымдарды дайындауда қолданылатын материалдардың ерекшелігі туралы білім қалыптастыру; олардың қасиеттері мен сапасын бағалауға, конструктивтік және дизайнерлік шешімдерді, сондай-ақ функционалдылық пен ұзақ мерзімділікке қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, әртүрлі бұйым түрлеріне материалдарды дұрыс таңдай білуге үйрету.

Пәннің мазмұны: киім, аяқ киім, аксессуарлар мен галантерея өндірісінде қолданылатын табиғи және жасанды тері, аңтері мен алмастырушы материалдардың ассортиментін зерделеуді қамтиды. Тері мен аң терісінің морфологиялық құрылысы, түрлері, сорттары, өңдеу мен әрлеу тәсілдері бойынша жіктелуі мен сипаттамасы қарастырылады. Осы материалдардың физика-механикалық, гигиеналық, эстетикалық және пайдалану қасиеттері егжей-тегжейлі зерделенеді. Сапаны бағалау әдістері, стандарттар мен сертификаттауға қойылатын талаптар баяндалады. Тері мен аң терісімен кешенде қолданылатын астарлық, ішкі астарлық, жылытқыш және декоративтік материалдарға ерекше назар аударылады. Заманауи инновациялық материалдар, бұйымдар ассортиментін кеңейту үшін оларды түрлендіру және үйлестіру тәсілдері қарастырылады.

Пәннің пререквизиттері – Химия, Физика, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы.

Пәннің постреквизиттері – Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды пішу технологиясы, Киімді конструктивті модельдеу, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын дизайн және жобалау.

***6-модуль* – Графикалық (OM Gr)**

КК 3106 Костюм композициясы – 4 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде костюмнің композициясы мен көркемдік құрылымының принциптері туралы білім қалыптастыру, киімді жобалауда пропорция, ырғақ, түс және фактура заңдарын қолдануға үйрету, стильді, сәнді үрдістер мен адамның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді әрі мәнерлі үлгілер жасау білігін дамыту.

Пәннің мазмұны: костюмдегі композиция негіздерін зерделеуді қамтиды: дене пропорциялары және олардың киім силуэтіндегі көрінісі, пішін мен көлемнің арақатынасы, көркем бейне жасаудағы сызық, түс, фактура мен декордың рөлі. Симметрия, асимметрия, ырғақ, контраст, нюанс, тұтастық және тепе-теңдік принциптері қарастырылады. Костюм композициясының тарихи дамуы, мәдени дәстүрлер мен сәнді стильдердің әсері зерделенеді. Үлгілердің эскиздерін жасауға, коллекциялар әзірлеуге және киімді көркем жобалау әдістеріне ерекше назар аударылады. Костюмнің

композициялық шешімінің заманауи үрдістері және олардың дизайнердің кәсіби қызметінде қолданылуы қарастырылады.

Пәннің пререквизиттері – Арнайы сурет, Түстану, Мәдениеттану, Психология, Көркем жобалаудың негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Киімді дизайн және көркемдік жобалау, Киімді конструктивті модельдеу.

STKMP 3106 Тері-аң терісі өндірісінің заманауи технологиялары – 4 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тері-аң терісі өнеркәсібінің заманауи технологиялық процестері туралы білім қалыптастыру, шикізатты өңдеу мен әрлеудің озық әдістерін талдай және қолдана білуге үйрету, өндірістің сапасын, экологиясын және экономикалық тиімділігін ескере отырып, технологияларды тиімді таңдау дағдыларын меңгеру.

Пәннің мазмұны: тері мен аңтері шикізатын алғашқы өңдеудің заманауи әдістерін, илеу, бояу, майлау және әрлеу технологияларын зерделеуді қамтиды. Берілген қасиеттері бар материалдарды алуды қамтамасыз ететін физика-химиялық процестер қарастырылады: беріктік, серпімділік, ылғал өткізбеушілік, декоративтілік. Механикалық өңдеудің, кептірудің, бедерлеудің, ламинаттаудың, жабындар мен соңғы әрлеу қолданудың инновациялық технологиялары баяндалады. Автоматтандырылған және кешенді өндіріс желілеріне, ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларға, биотехнологиялар мен наноматериалдарды қолдануға ерекше назар аударылады. Технологиялық циклдің барлық кезеңдеріндегі сапаны бақылау әдістері және жоғары технологиялық тері-аң терісі өндірісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері қарастырылады.

Пәннің пререквизиттері – Химия, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды үлгілеу мен конструкциялаудың негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды пішу технологиясы, Сала өндірістік процестерін автоматтандыру, Конструкторлық және технологиялық дайындықтың негіздері.

***7-модуль* – Дизайн және көркем әрлеу (MS DHO)**

THOI 4102 Бұйымдарды көркем әрлеу технологиясы – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты- студенттерді бұйымдарды әртүрлі түрде көркем әрлеудің негізгі әдістерімен және құралдарымен, оларды орындау техникасымен таныстыру. Жоғары сапалы бұйымдар шығаруға ықпал ететін көркем әрлеуді орындауға арналған көмекші материалдар ассортименті

Курстың қысқаша сипаттамасы: студенттердің бұйымдарды әртүрлі түрде көркем әрлеудің әдістері мен құралдарын, оларды орындау техникасын, жоғары сапалы бұйымдар шығаруға ықпал ететін көмекші

материалдар ассортиментін меңгеруде білім, білік және дағды алуын қамтамасыз ету.

Пәннің пререквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Киімге арналған материалдар, Жеңіл өнеркәсіптегі инвариантты технологиялар.

Пәннің постреквизиттері - Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын дизайн және жобалау, Дипломдық жобалау.

TRIKiM 4102 Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды пішу технологиясы – 3 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тері мен аң терісінен жасалатын бұйымдар үшін пішу операцияларын ұйымдастыру және орындау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру; бөлшектерді жобалау кезінде материалдар құрылымының ерекшеліктерін, олардың кемшіліктері мен қасиеттерін ескеруге үйрету, сондай-ақ шикізатты тиімді пайдалануды және бұйымдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Пәннің мазмұны: тері-аң терісі өндірісінде пішу процестерін ұйымдастыру принциптерін зерделеуді қамтиды. Тері мен аң терісінің құрылысының ерекшеліктері, олардың кемшіліктері және пішу кезінде оларды ескеру әдістері қарастырылады. Материалдарды пішуге дайындау тәсілдері, белгі салу ережелері, лекалдарды ең аз қалдықпен тиімді орналастыру тәсілдері зерделенеді. Қолмен және машинамен пішу технологиялары, арнайы құралдар мен бейімдеуіштерді қолдану баяндалады. Пішуді оңтайландыру әдістері, автоматтандырылған пішу компьютерлік жүйелері және дайындамалардың сапасын бақылау тәсілдері қарастырылады. Пішудің дәлдігін қамтамасыз етуге, материалдың тұтынушылық қасиеттерін сақтауға және болашақ бұйымның жоғары сапа деңгейін қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Пәннің пререквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Тері мен аң терісінен жасалған бұйымдарды үлгілеу мен конструкциялаудың негіздері, Тері-аң терісі өндірісінің технологиялық жабдығы.

Пәннің постреквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын дизайн және жобалау, Тігін бұйымдарының сәйкестігін растау және стандарттау, Дипломдық жобалау.

DPILP 4209 Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын дизайн және жобалау – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – костюм дизайнының негіздерін меңгеру арқылы студенттерде шығармашылық жобалау ойлауын қалыптастыру, костюмнің жеке бұйымдарын көркем жобалау, жаңа бейнелі шешімдер мен пішіндердегі киім үлгілерінің эскиздік коллекцияларын әзірлеу бойынша кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру.

Пәннің мазмұны – костюм жасауға қатысатын студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту, оларды сән мен стиль мәселелерінде бағдарлау; болашақ мамандарды әртүрлі көркем әрлеу түрлерін әзірлеу мен жасау бойынша дербес және шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету; студенттерге өнеркәсіптік дизайндағы коллекциялық бұйымдардың пайда болуы мен дамуының тарихи, экономикалық, көркемдік алғышарттарын теориялық және практикалық меңгеруде әдістемелік көмек көрсету; шығармашылық ойлауды дамыту және мақсаты мен өндіріс жағдайларына байланысты жеке және коллекциялық бұйымдарды жобалау тәсілдеріндегі принципті айырмашылықтарды қалыптастыру.

Пәннің пререквизиттері - САПР элементтері бар киім конструкциялау, Конструкторлық және технологиялық дайындықтың негіздері, Тігін бұйымдарының технологиясы.

Пәннің постреквизиттері - Дипломдық жобалау

PSiSShP 4209 Тігін бұйымдарының сәйкестігін растау және стандарттау – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде тігін бұйымдарының сапа мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау және стандарттау жүйесі туралы білім қалыптастыру; нормативтік құжаттарды қолдануға, өнімнің қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылауды және бағалауды жүргізуге үйрету.

Пәннің мазмұны: тігін өнеркәсібіндегі стандарттау принциптерін, олардың өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі рөлін зерделеуді қамтиды. Стандарттар түрлері (халықаралық, ұлттық, салалық, корпоративтік) және оларды қолдану тәртібі қарастырылады. Сәйкестікті растау, сертификаттау және декларациялау рәсімдері, сондай-ақ тігін бұйымдарын таңбалау мен қаптауға қойылатын талаптар баяндалады. Өндірістің әртүрлі кезеңдеріндегі сапаны бақылау әдістері зерделенеді: материалдарды кіріс бақылау, технологиялық процестерді операциялық бақылау, дайын бұйымдарды қабылдау бақылауы. Заманауи сапа менеджменті жүйелері (ISO, Oeko-Tex және т.б.), халықаралық тәжірибелер мен өнімнің қауіпсіздігі мен экологиялылығына қойылатын талаптар қарастырылады. Процестерді құжаттандыруға, сынау әдістеріне және өнімнің тұтынушылық күтулер мен нормативтік актілерге сәйкестігін бағалауға ерекше назар аударылады.

Пәннің пререквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Тігін бұйымдарының технологиясы.

Пәннің постреквизиттері – Дипломдық жобалау.

8-модуль – Технологиялық процестерді жобалау (MS PTP)

PPRP 4106 Дайындық-пішу өндірісін жобалау – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – тігін кәсіпорындарының негізгі цехтарын жобалау кезіндегі шығармашылық инженерлік-технологиялық қызметтің әдіснамалық негіздерін; дайындық-пішу өндірісі процестерін жетілдірудің перспективалы бағыттарын; жабдықтың әртүрлі нұсқаларын пайдалану кезінде негізгі цехтарды жобалау әдістемесін; жұмысшылар мен жабдық санын көпнұсқалы есептеуді, дайындық-пішу өндірісі учаскелерін жоспарлауды; тәжірибелік, дайындық, пішу цехтарын, дайын өнім қоймасын, бұйымдарды түпкілікті ылғалды-жылулық өңдеу және әрлеу цехын, бөлшектерді дайындаудың орталықтандырылған учаскелерін технологиялық есептеу мен жоспарлауды зерделеу. Дайындық-пішу өндірісін жобалаудың барлық кезеңдерінде ЭЕМ-ды пайдалана білу.

Курстың қысқаша сипаттамасы: студенттердің тігін кәсіпорындарының негізгі цехтарын есептеу мәселелері бойынша теориялық және практикалық дағдыларды меңгеруі. Негізгі назар тәжірибелік цехты есептеуге, дайындық цехын есептеуге, пішу цехын есептеуге, әрлеу өндірісін есептеуге, дайын өнім қоймасын есептеуге, технологиялық процестерді кешенді механикаландыруды жетілдіруге, нақты бұйым түрін дайындау үшін жаңа буын жабдығын таңдай білуге аударылады

Пәннің пререквизиттері - Үлгілеу мен жобалаудың компьютерлік технологиялары, Сала технологиялық жабдығы, Конструкторлық және технологиялық дайындықтың негіздері.

Пәннің постреквизиттері – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын дизайн және жобалау, Тігін бұйымдарының сәйкестігін растау және стандарттау, Алынған білім, білік және дағдыларды студенттер дипломдық жобалау кезінде пайдалана алады

MPOLP 4106 Жеңіл өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу әдістері – 5 кредит

Пәнді оқып-үйрену мақсаты – студенттерде жеңіл өнеркәсіп қалдықтарының түрлері мен көздері туралы білім қалыптастыру, оларды қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың заманауи әдістерін қолдануға үйрету, өндірісте қайталама ресурстарды пайдалану мен жаңа материалдарды әзірлеудің практикалық тәсілдерін меңгеру.

Курстың қысқаша мазмұны: тоқыма, тігін, тері-аң терісі және аяқ киім өнеркәсібі қалдықтарының жіктелуі мен сипаттамаларын зерделеуді қамтиды. Қалдықтарды қайта өңдеу мен қайта пайдаланудың заманауи технологиялары қарастырылады: механикалық, физика-химиялық, термиялық және биотехнологиялық әдістер. Тоқыма, тоқымасыз кенептер, жылытқыштар, құрылыс және қаптама материалдарын өндіруде қайталама материалдарды қолдану бағыттары зерделенеді. Экологиялық қауіпсіздік, ресурс үнемдеу және тұрақты даму принциптерін енгізу мәселелері

қамтылады. Халықаралық тәжірибелер, қалдықтарды басқарудың инновациялық тәсілдері және жеңіл өнеркәсіптегі «жасыл технологиялар» саласындағы заманауи үрдістер қарастырылады.

Пәннің пререквизиттері – Химия, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы, Технологиялық процестерді химияландыру, Тігін бұйымдарының технологиясы.

Пәннің постреквизиттері – Тігін бұйымдарының сәйкестігін растау және стандарттау, Дипломдық жобалау.